

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1942 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 шілдедегі N 657 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1394 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1394 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қызметкерлерінің орташа жалақысын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөніндегі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1942 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 624-күжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметкерлердің орташа жалақысын есептеу тәртібі жөніндегі нұсқаулық:

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жалақы арттырылған жағдайда орташа жалақыны есептеу, арттыру коэффициентін ескере отырып, мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) егер арттыру есепті кезеңде жүргізілсе, арттыру кезеңінің алдында есептелген орташа жалақы есепті кезеңнің әрбір айының коэффициентіне а р т т ы р ы л а д ы ;

2) егер арттыру есепті кезеңнен кейін оқиға болғанға дейін жүргізілсе, есепті кезеңде есептелген орташа жалақы коэффициентке арттырылады;

3) егер арттыру оқиға кезеңінде жүргізілсе, орташа жалақының бір бөлігі лауазымдық жалақы (ставка) арттырылған күнінен бастап көрсетілген кезең аяқталғанға дейін коэффициентке арттырылады.

Арттыру коэффициенті оқиға басталған айда белгіленген лауазымдық жалақыны (ставканы) арттыруға дейін белгіленген лауазымдық жалақыға (ставкаға) бөлу жолымен есептеледі."

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

